

"Есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 13 қаңтардағы № 15 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 13 тамыздағы № 605 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 17 қыркүйекте № 12075 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің 2015 жылғы 13 қаңтардағы № 15 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 ақпанда № 10313 тіркелді, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 3 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау және жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық қызметтерді тұтыну нормаларын есептеудің үлгі қағидаларында: 3, 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Көп пәтерлі немесе жеке тұрғын үйдің әрбір санатына арналған есептік кезең үшін 1 шаршы метрге жылу энергиясын тұтыну нормасы осы қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес формула бойынша есептеледі. Бұл ретте есептік кезең – бұл тұтынылған жылу энергиясы ескеріліп, тұтынушыға төлеуге ұсынылатын жылумен жабдықтауға арналған шартпен белгіленетін уақыт кезеңі:

$$\Sigma Q_0 = \frac{N_0 \cdot S_{ж} \cdot x_n}{m} ,$$

м ұ н д а :

N_0 – 1 шаршы метрге жылу энергиясын тұтыну нормасы;

ΣQ_0 – есептеу аспаптарымен жабдықталмаған көп пәтерлі немесе жеке тұрғын үйлерде бір есептік кезеңнің ішінде тұтынылатын жылу энергиясының жиынтық саны (Гкал/есептік кезең);

$S_{ж}$ – жылу энергиясын есептеу аспаптарымен жабдықталмаған көп пәтерлі тұрғын

үйлердегі тұрғын үй-жайлардың немесе жылу энергиясын есептеу аспаптарымен жабдықталмаған жеке тұрғын үйлердегі үй-жайлардың жалпы пайдалы жиынтық алаңы ;

n – есептік кезеңдегі айлар саны.

4. Көп пәтерлі немесе жеке тұрғын үйді жылыту үшін қажетті жылу энергиясының саны (Гкал/есептік кезең) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Q_0 = q_{\max} \times \frac{(t_{\text{ішкі}} - t_{\text{от}})}{(t_{\text{вн}} - t_{\text{po}})} \times 24 \times n_0 \times 10^{-6}$$

м ұ н д а :

Q_0 – жылу энергиясының саны (Гкал/есептік кезең);

q_{\max} – көп пәтерлі немесе жеке тұрғын үйді жылытуға арналған сағаттық жылу жүктемесі (ккал/сағ);

$t_{\text{ішкі}}$ – көп пәтерлі немесе жеке тұрғын үйдің жылытатын тұрғын үй-жайларындағы ішкі ауа температурасы ($^{\circ}\text{C}$);

$t_{\text{от}}$ – есептік кезең үшін сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы ($^{\circ}\text{C}$);

$t_{\text{еж}}$ – жылытуды жобалау мақсатындағы сыртқы ауаның есептік температурасы ($^{\circ}\text{C}$);

n_0 – есептік кезеңдегі ғимараттағы жылыту жүйесінің жұмыс істеу ұзақтығы (тәулік) ;

24 – бір тәуліктегі сағат саны.

Көп пәтерлі немесе жеке тұрғын үйді жылытуға арналған сағаттық жылу жүктемесі (q_{\max}), көп пәтерлі немесе жеке тұрғын үйдің жылытылатын тұрғын үй-жайларындағы ішкі ауа температурасы ($t_{\text{ішкі}}$), жылыту кезеңі үшін сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы ($t_{\text{от}}$), жылытуды жобалау мақсатындағы сыртқы ауаның есептік температурасы ($t_{\text{еж}}$), есептік кезеңнің ұзақтығы (n_0) жылыту кезеңінде жылу тұтыну нормаларын есептеген кезде ҚР ҚН 2.04-21-2004* «Азаматтық ғимараттардың энергия тұтынуы және жылулық қорғауы» талаптарына сәйкес айқындалады;

5. Жылу энергиясын есептеу (Гкал/сағат) аспаптарымен жабдықталмаған көп пәтерлі немесе жеке тұрғын үйлерді жылытуға арналған сағаттық жылу жүктемесі үйлердің жобалау деректерін немесе құжаттарын ескере отырып анықталады. Жобалау немесе құжаттық деректер болмаған жағдайда, сағаттық жылу жүктемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$q_{\max} = q_{\text{уд}} \times S / 1,163,$$

м ұ н д а :

$q_{\text{ұл}}$ – осы бұйрыққа 1-қосышаға сәйкес көп пәтерлі немесе жеке тұрғын үйді жылытуға арналған жылу энергиясының нормаланған үлестік шығысы (сағатына 1 шаршы метрге вт) ;

S – көп пәтерлі немесе жеке тұрғын үйдегі тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың жалпы алаңы (шаршы метр)» ;
6-тармақ алып тасталсын ;

үлгі қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын .

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Экономика инфрақұрылымын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұлттық экономика министрі Е. Досаев

« К Е Л І С І Л Д І »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Энергетика министрі
Министр энергетика
Республики Казахстана
В. Школьник

2015 жылғы 18 тамыз

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ұлттық экономика Министрінің
2015 жылғы 13 тамыздағы
№ 605 бұйрығына қосымша
Есептеу аспаптары жоқ
тұтынушылар үшін электрмен
жабдықтау және жылумен

жабдықтау
қызметтерді
есептеудің
1-қосымша

бойынша
тұтыну
үлгі

коммуналдық
нормаларын
қағидаларына

Жалпы ауданы 1 м² көп пәтерлі немесе жеке тұрғын үйді жылытуға арналған жылу энергиясының нормаланған үлестік шығысының мәні, сағатына Вт

Салынған тұрғын үйдің қабаты, қабаттар	Ғимараттардың сипаттамасы	Сыртқы ауаның есептік температурасы, °С										
		минус 5	минус 10	минус 15	минус 20	минус 25	минус 30	минус 35	минус 40	минус 45	минус 50	минус 55
1985 жылға дейін салынған үйлер үшін												
1 - 2	Энергия үнемдеу іс-шараларын есепке алмау және енгізусіз	148	154	160	205	213	230	234	237	242	255	271
3 - 4		95	102	109	117	126	134	144	150	160	169	179
5 және одан жоғары		65	70	77	79	86	88	98	102	109	115	122
1 - 2	Энергия үнемдеу іс-шараларының енгізілуін ескерумен	147	153	160	194	201	218	222	225	230	242	257
3 - 4		90	97	103	111	119	128	137	140	152	160	171
5 және одан жоғары		65	69	73	75	82	88	92	96	103	109	116
1985 жылдан кейін салынған үйлер үшін												
1 - 2	1985-2004 ж.ж. үлгілік жобалар бойынша	145	152	159	166	173	177	180	187	194	200	208
3 - 4		74	80	86	91	97	101	103	109	116	123	130
5 және одан жоғары		65	67	70	73	81	87	87	95	100	102	108

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК